

**Ш.ЕСЕНОВ атындағы  
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Ғылыми кеңестің шешімімен  
(21.09.2017 № 1 хаттама)  
**БЕКІТІЛГЕН**

**ДӘРІС, ТӘЖІРИБЕЛІК (СЕМИНАР), ЗЕРТХАНАЛЫҚ  
САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

**АҚТАУ 2017**

## **1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде (бұдан әрі – КМТИУ, университет) дәріс, тәжірибелік (семинар), зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу туралы талаптарды анықтайды.

1.2 Дәріс, тәжірибелік (семинар), зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу ережесі (ары қарай – Ереже) университет ішінде пайдалануға арналған.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы Ережені әзірлеуде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы толықтырулар мен өзгерістер енген);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 өзгерістер мен толықтырулар);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» (2017 жылғы 30 қаңтардағы № 36 өзгерістер мен толықтырулар);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі» (2016 жылғы 28 қаңтардағы № 90 өзгерістер мен толықтырулар).

## **3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1 Дәріске қатысты жалпы ережелер

3.1.1 Дәріс университетте оқу жұмыстарын ұйымдастырудың және оқытудың басты формаларының бірі болып табылады.

3.1.2 Кез келген дәрістің жалпы құрылымдық өзегі - тақырыпты дұрыс қою, мақсатын анықтау, мазмұнын жоспарлау, дәріс жоспарына өз бетінше жұмыс істеуге арналған әдебиеттерді ұсыну, берілген жоспарды дәріс барысында қатаң сақтау.

3.1.3 Университетте дәріс пен тәжірибелік (семинар), зертханалық, студиялық сабақтар, білім алушының өзіндік жұмысы, оқытушының басшылығымен орындайтын білім алушының өзіндік жұмысы арасындағы кредиттер көлемінің арақатынасы мамандықтардың оқу жоспарына сәйкес айқындалады.

3.1.4 Дәріс оқуға немесе басқа да оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген спорт қайраткерлері немесе мамандық

бейіні бойынша кемінде 5 жыл практикалық тәжірибесі бар тәжірибелі мамандар да тартылуы мүмкін.

### 3.2 Тәжірибелік (семинар) сабақтарына қатысты жалпы ережелер

3.2.1 Тәжірибелік (семинар) сабақтар пән бойынша білім алушының оқу жұмысының басты түрі болып табылады және мамандықтың оқу жоспарында қарастырылған кредиттер (сағаттар) көлемінде орындалады.

3.2.2 Тәжірибелік (семинар) сабақтың мақсаты – білім алушылардың танымдық қабілеттерін, дербес ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамыту.

3.2.3 Тәжірибелік (семинар) сабақтың міндеттері:

- оқу пәні білімдерін бекіту, тереңдету және кеңейту;
- оқу пәнінің теориялық қағидалары мен тұжырымдарын талдау/саралау әдістеріне баулу/үйрету;
- заманауи теориялық және ғылыми-техникалық әдістер мен құрылғыларды пайдалану іскерліктері мен дағдыларын меңгерту;
- оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдебиет көздерін зерделеу/оқып үйрету және талдау/талдату.

### 3.3 Зертханалық сабаққа қатысты ережелер

3.3.1 Зертханалық сабақ пән бойынша білім алушының оқу жұмысының басты түрлерінің бірі болып табылады және оқу жұмыс жоспарында қарастырылған уақыт көлемінде орындалады.

3.3.2 Зертханалық сабақтардың мақсаттары – нақты тәжірибелік тапсырмаларды орындау үдерісінде білімдерді тереңдету және кеңейту, білім алушылардың белсенділігін және өзбетінше жұмыс жасауын дамыту, техникалық құралдарды пайдалану, қондырғыларды, конструкцияларды қолдану дағдыларын және эксперимент нәтижелерін талдау іскерліктерін меңгерту.

3.3.3 Зертханалық жұмыстар оқу пәнін қалыптастыратын тиіс оқыту нәтижелері мен құзыреттерге бағдарланады.

### 3.4. Дәріс материалдарын дайындауға және оқуға қойылатын талаптар

3.4.1 Дәріс мазмұны Болон үдерісіне негізделген білім беру нәтижелерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Дәріс құзыреттерді құраушы - білімдік құраушыларды (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) білім алушыларда пән бойынша қалыптастыруды, сондай-ақ іс-әрекеттік (орындай алу), құндылық (сарапшылық) құраушылардың бағдарлы даярлығын қамтамасыз етуі тиіс.

3.4.2 Дәріс материалдарын дайындау және жүргізу барысында төмендегідей ережелерді басшылыққа алу қажет:

- негізгі ұғымдарды беруі және оны қандай бағытта терең зерделеуді көрсетуі;
- негізгі сұрақтары мен принциптерін белгілі ғылыми реттілікте қамтуы;
- ғылымның теориялық қағидаларын практикамен байланыстыру, ғылымның өмірмен байланысын әдістемелік дұрыс көрсету;
- лектор білім алушыларда ғылыми ойлауды қабілетін қалыптастыру.

3.4.3 Әрбір курс бойынша дәріс жоспары мен конспектсі әзірленуі қажет. Сонымен қатар, пәннің жұмыс бағдарламасында берілген тәжірибелік (семинар) және зертханалық сабақтардағы сұрақтарды/тақырыптарды қамтуы қажет. Лектордың дикциясы мен сөйлеу мәдениеті білім алушының дәріске

қызығушылығын тудыруы тиіс, ал дәріс конспектісі лекторға тек анықтамалық материал ретінде ықпал етеді.

#### 3.4.4 Дәрістің негізгі сипаттамалары:

- ғылымилығы, қатаң дәлелділігі: ғылым саласының проблемалық және пікірталас тудыратын сұрақтарды қамтуы;

- мазмұнының әдістемелік дұрыс құрылуы және тақырыптың ұтымды мазмұндалуы;

- дәріс материалдарының мамандық саласымен байланысы, бейіндік ғылымды дамытуды терең түсіну үшін дәрісте қарастырылатын қағидалардың дүниетанымдық және әдіснамалық мәнін негіздеуі;

- өзіндік жұмыстарды білімін тереңдетуге қызығушылық тудыруы, монография мен журналдарды оқуға бағыттауы;

Дәріс мәтіні/тезисі білім алушылардың дайындығын қамтамасыз ету үшін алдын ала беріледі.

#### 3.4.5 Дәріс оқуға қойылатын негізгі талаптар:

- берілген ақпараттың жоғары ғылыми деңгейде болуы, оның дүниетанымдық маңыздылығы;

- әдістемелік жағынан өңделген, көлемді нығыз жүйеленген жаңа ғылыми ақпарат;

- айтылған пікірлердің дәлелді болуы;

- келтірілген мысалдар мен фактілердің, құжаттардың қажетті мөлшерде болуы;

- айтылған ойдың түсініктілігі, тыңдаушылардың ойлау қабілетін арттыруы, қарастырылған мәселе бойынша өзбетінше жұмыс істеуге арналған сұрақтар қою;

- қойылған мәселені шешуге айтылған әртүрлі көзқарастарды сараптау;

- білім алушылармен байланыс жасап, дидактикалық материалдар мен техникалық құралдарды пайдалана білу.

- қорытындыларды тұжырымдау;

- текст-конспект, блок-сызба, кесте, графиктерді пайдалану;

- оқытудың заманауи техникалық құралдарын толық мәнді пайдалану.

3.4.6 Дәрістің сапалық мазмұнын жетілдіруге білікті оқытушылардың ашық сабақтары, мастер-класстар, сондай-ақ әдістемелік семинарлар ықпал етеді.

3.4.7 Дәріс сапасын бақылауды кафедра меңгерушісі, факультеттің оқу-әдістемелік бюро жетекшісі жүзеге асырады.

3.5 Тәжірибелік (семинар) және зертханалық сабақтарды өткізу формалары.

3.5.1 Тәжірибелік (семинар) сабақтарының құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасын меңгертуге бағыттауы.

Тәжірибелік (семинар) сабақтар пәннің құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелеріне жету үшін ұйымдастырылады, пән бойынша анықталған құзыреттер: білімдік, іс-әрекеттік және құндылық сала құраушыларын білім алушыларда қалыптастыруы тиіс.

#### 3.5.2 Тәжірибелік (семинар) сабақтарды өткізу формалары:

- алгоритмдерді өңдеу және іске асыру;

- ЭЕМ-нің бағдарламаларының мәтіндерін жазу;

- технологияны, схемаларды, кескінді нысандарды әзірлеу;
- түйіндерді, тетіктерді, жүйелерді есептеу;
- тақырыптық тапсырмаларды, есептерді шешу;
- жаттығуларды, практикалық жұмыстарды орындау;

-оқылатын оқу пәндерінің (шетел тілі, кескіндеме және тағы басқалар) ерекшеліктеріне сәйкес басқа да педагогикалық іс-әрекет түрлері болуы мүмкін.

#### 3.5.3 Тәжірибелік (семинар) сабақтарын өткізудің формалары:

- оқу пәнінің ең маңызды тақырыптары бойынша білім алушылардың хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабақ жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты сұрақтарын талқылау;
- білім алушылар ұсынған тапсырмаларды және сұрақтарды талқылау;
- оқу пәнінің теориялық қағидалары мен тұжырымдамаларын талдау;
- конструктивтік пікірталастар;
- семинар – «дөңгелек стол»;
- семинар – «ақылдасу»;
- семинар – «топсеруен»;
- «аз топтардың» әдісі;
- «баспасөз мәслихаты» әдісі;
- «түпдеректерді түсіндіру» әдісі;
- семинар - іскерлік ойын;
- оқылатын оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес басқа да педагогикалық іс-әрекет түрлері болуы мүмкін.

#### 3.5.4 Білім алушылардың орындауы бойынша зертханалық сабақтардың тапсырмалары:

- теориялық курстарға сәйкес таныстырылатын;
- формалды әдістер негізінде жаңа ақпаратты алу үшін талданатын;
- тәжірибелік жұмыстарды өткізу нәтижесінде жаңа ақпаратты алумен байланысты шығармашылық, т.б. болып бөлінеді.

#### 3.5.5 Зертханалық сабақтарды өткізудің формалары:

- әр түрлі тәжірибелерді жүргізу;
- алгоритмдерді әзірлеуі мен іске асыру;
- ЭЕМ бағдарламалары мәтіндерін жазу;
- құбылыстарды, жүйелерді, схемаларды, үдерістерді зерделеу мақсатымен талдау;
- қондырғыларды және техникалық құралдарды пайдаланумен үдерістерді зерттеу, ұтымды шешімдерді іздестіру т.б. педагогикалық іс-әрекеттер болуы мүмкін.

#### 3.6 Тәжірибелік (семинар) сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар

3.6.1 Тәжірибелік (семинар) сабақтары кафедра меңгерушісі бекіткен әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуі керек. Сабақтарды өткізуде әдістемелік нұсқаулардың электрондық нұсқалары да қолданылады.

#### 3.6.2 Семинар сабақтарына қойылатын ұйымдастыру-әдістемелік талаптар:

- семинар сабақтарын курстың сәйкес тақырыбы бойынша дәріс оқылғаннан кейін өткізу;
- семинар сабақтары жоспарларының курс бағдарламасына сәйкестілігі;

- семинарда қарастырылатын сұрақтардың шектеулі (2-3) болуы;
- сабақ жоспарына рефераттар мен баяндамаларды қамтуы;
- тақырып бойынша әдістемелік нұсқаудың болуы;
- сабақта демонстрациялайтын материалдардың (схема, плакат, диаграмма, техникалық құралдардың және т.б.) болуы.

#### **4. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

##### **4.1 Дәріске қатысты білім алушы міндетті:**

- дәрістің мақсаты және міндеттерімен, оның мазмұнымен алдын ала танысуға, зерделеуге;
- әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес теориялық материалмен жұмыс істеуге, дайындалуға;
- дәріс оқу жұмысына белсенді қатысуға.

##### **4.2 Тәжірибелік, семинар сабақтарға қатысты білім алушы міндетті:**

- сабақтардың алдында тапсырмамен, оның мақсаты және міндеттерімен танысуға;
- әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес теориялық материалмен жұмыс істеуге;
- сабақ барысында белсене жұмыс істеуге;
- тапсырманы сапалы орындауға;
- әдістемелік нұсқауларға сәйкес сабақтың өткізілуіндегі нәтижелерді рәсімдеуге.

##### **4.3 Зертханалық сабақтарға қатысты білім алушы міндетті:**

- жұмысты орындаудың алдында тапсырмамен, оның мақсатымен және міндеттерімен танысуға;
- жұмыс бойынша білімдерді меңгеруге қажетті теориялық материалдармен жұмыс жасауға;
- қажеттілік бойынша қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелерімен танысуға;
- жұмысты жүргізуге оқытушыдан рұқсат алуға;
- жұмысты тапсырма мен әдістемелік нұсқауларға сәйкес жұмысты орындауға;
- жұмыс нәтижелерін әдістемелік нұсқауларға сәйкес рәсімдеуге және оны оқытушы алдында қорғауға.

#### **5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

5.1 Университеттің осы ережесінің талаптарының кеңінен талқылануына, әдістемелік нұсқаулықтардың әзірленуіне және олардың дәрісханалық оқу жұмыстарында басшылыққа алынуына оқу-әдістемелік бөлім, факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік бюро жетекшілері, кафедра меңгерушілері мен пән оқытушылары жауапты болып табылады.

5.2 Осы ереже талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қадағалайды.

## **6. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

6.1 Осы ережені талқылау және келісу Оқу-әдістемелік кеңес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

6.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі университет кеңсесіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне жіберіледі.